21324689983

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
/қысқаша/

2024 жылғы 17 маусым № 3313-24-00-2/1077 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Мынжанова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«SKE-Лидер» Советқанов Қанатбек Ерболұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның талабы - қанағаттандырылсын.

«SKE-Лидер» Советқанов Қанатбек Ерболұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SKE-Лидер» Советқанов Қанатбек Ерболұлы жеке кәсіпкерден Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына тұрақсыздық айыбы 2 670 (екі мың алты жүз жетпіс) теңге, мемлекеттік баж 80 (сексен) теңге, барлығы 2 750 (екі мың жеті жүз елу) теңге өндірілсін.

«SKE-Лидер» Советқанов Қанатбек Ерболұлы жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкерлер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Б.Мынжанова

Құжатқа қол қойылған: Мынжанова А. Б., 17.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.07.2024, судья Джолдасова Г. С., 31.07.2024

3313-24-3-1/1091